

ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚ КЕЛІСІМ

1. Сайтты пайдаланудың жалпы шарттары

- 1.1. Сайттың иесі «Қазақпарат» халықаралық ақпарат агенттігі» АҚ (бұдан әрі - «Қазақпарат» ХАА» АҚ) болып табылады.
- 1.2. Сайтқа қолжетімділігі бар кез келген тұлға сайт пайдаланушысы (бұдан әрі - Пайдаланушы) болып табылады.
- 1.3. Сайтты пайдалану осы Келісімнің төменде көрсетілген барлық шарттарын Пайдаланушының қабылдайтынын және сақтауға міндеттелетінін білдіреді.
- 1.4. Осы Келісім кез келген уақытта, қандай да бір арнайы ескертусіз «Қазақпарат» ХАА» толық немесе ішінара өзгертілуі мүмкін. Келісімнің жаңа редакциясы сайтта жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.
- 1.5. Сайт материалдары мен сервистерін пайдалану Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларымен реттеледі.
- 1.6. Осы Келісім жария оферта болып табылады. Сайт материалдары мен сервистеріне қол жеткізе отырып, Пайдаланушы осы Келісімге қосылған болып есептеледі. Қазақстан Республикасы **Азаматтық кодексінің 395-399-баптарына** сәйкес Пайдаланушының осы Келісімнің талаптарымен өзінің толық және сөзсіз келісімін қабылдауы және растауы осы құжатта баяндалған талаптарда жария оферта шартын жасасумен тең.

2. Пайдаланушы міндеттемелері

- 2.1. Пайдаланушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын немесе халықаралық құқық нормаларын бұзатын, соның ішінде зияткерлік меншік, авторлық және/немесе сабақтас құқықтар саласында қарастырылатын, сондай-ақ ақпараттық жүйенің жұмысын бұзуға бағытталған қасақана іс-әрекеттер (әрекетсіздік) үшін жазалауды көздейтін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 207-бабына сәйкес Сайт пен Сайт сервистерінің қалыпты жұмысын бұзуға әкелетін немесе әкеп соғуы мүмкін кез келген іс-әрекеттер жасамауға келіседі.
- 2.2. Пайдаланушы сайтта авторлық немесе сабақтас құқықтарды бұзу фактісіне күдіктенген жағдайда, Пайдаланушы бұл туралы «Қазақпарат» ХАА» АҚ-на жазбаша түрде электронды пошта арқылы қандай да бір материалдың тиістілігіне дәлелдеме бере отырып, хабарлауға міндетті.
- 2.3. Сайт материалдары мен сервистерін құқық иеленушінің келісімінсіз пайдалануға жол берілмейді.
- 2.4. Қорғалатын авторлық туындыларды қоса алғанда, Сайт материалдарынан дәйексөз алу кезінде сайтқа сілтеме жасау міндетті.
- 2.5. Пайдаланушының сайттағы түсініктемелері мен өзге де жазбалары Қазақстан Республикасы заңнамасының және жалпы қабылданған мораль мен адамгершілік нормаларының талаптарына қайшы келмеуге тиіс.

3. Сайтта орналастырылған материалдарды пайдалану шарттары

3.1. Материалдарды көшіруге, қайта басуға және одан әрі таратуға жазбаша келісімсіз пайдалануға болатын жаңалықтар хабарламаларынан басқасын «Қазақпарат» ХАА» АҚ-ның жазбаша келісімімен ғана рұқсат етіледі. Егер «Пайдалануға тыйым салынған» белгісі болса, жаңалықтар хабарларын пайдалануға тыйым салынады.

3.1.1. «Қазақпарат» ХАА» АҚ фото- және бейнематериалдарын пайдалану, оның ішінде көшірме жасау, тарату немесе жариялау міндетті түрде Сайттың логотипімен және ақпараттың бастапқы көзі ретінде Сайтқа сілтемемен қоса берілуі тиіс (Сайттың фото - және бейнематериалдарында логотипті кесуге және өшіруге тыйым салынады). 3.2. Сайтта орналастырылған жаңалықтар хабарын тарату тек басқа редакцияда (рерайт) жазылғаннан кейін ғана рұқсат етіледі. Бұл ретте, таратылатын материалдың бірінші абзацында орналастырылатын бастапқы материалға гиперсілтеме және «Қазақпарат» ХАА» АҚ хабарлайды» деген тұжырым міндетті болып табылады;

3.3. «Қазақпарат» ХАА шетелдік әріптестерінен алған материалдарды, сондай-ақ «Пайдалануға тыйым салынған» белгісі бар материалдарды таратуға тыйым салынады. 3.4. «Қазақпарат» ХАА» АҚ-нан сайтта орналастырылған инфографика, фото, бейне және аудиоматериалдарды пайдалануға жазбаша рұқсат алған жағдайда осы материалдарды кез келген түрде редакциялауға тыйым салынады.

4. Басқа да шарттар

4.1. Осы Келісімнен туындайтын немесе оған байланысты барлық ықтимал даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешілуі тиіс.

4.2. Пайдаланушылардың кез келгені Келісім ережелерін бұзған жағдайда «Қазақпарат» ХАА» АҚ тарапынан әрекетсіздік «Қазақпарат» ХАА» АҚ өз мүдделерін қорғау және заңнамаға сәйкес қорғалатын сайт материалдарына авторлық құқықтарды қорғау үшін кейіннен тиісті әрекеттер жасау құқығынан айырмайды. Пайдаланушы осы Келісімнің барлық тармақтарымен танысқанын және оларды сөзсіз қабылдайтынын растайды.

Барлық құқықтар қорғалған.

